**Жітіқара ауданы Ырсай ауылының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы әкімдіктің есебін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджеттік Кодексінің 128-бабының 3- тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, Жітіқара ауданы Ырсай ауылының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы әкімдіктің есебін қарап Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жітіқара ауданы Ырсай ауылының 2025 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы әкімдіктің есебі бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. «Жітіқара ауданы Ырсай ауылы әкімінің аппараты» ММ ұсынылсын:

- оларды ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлей отырып, түсімдердің төмендеуі байқалатын кіріс көздері бөлінісінде салық түсімдеріне талдаудың жүргізулуі қамтамасыз етілсін;

- жұмыспен қамтуды арттыруға және халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шаралар әзірленсін және іске асырылсын;

- жоғары тұрған бюджеттердің қаражатын тарта отырып, инженерлік инфрақұрылымды (сумен жабдықтау, жолдар, жарықтандыру) дамыту жөніндегі шаралар қабылдансын.

3. 2026 жылғы 01 қазанға дейінгі мерзімде Жітіқара ауданының мәслихатына барлық ұсынымдардың қаралуы туралы ақпарат берілсін.

4. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жітіқара аудандық**
**мәслихатының төрағасы** **Н. Уразалинов**